



Автор: Алманиязова Салтанат Асылбековна

Пән: География

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Литосфера

Тақырып: Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру

Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру	Сабақ мақсаты Барлық оқушылар: Қазақстанның минералдық ресурстарына баға бере алады Оқушылардың көпшілігі: Қазақстанның минералды ресурстарының таралуына зерттеу жұмысын жүргізе алады Кейбір оқушылар: – Минералдық ресурстарды игеруге қатысты мәселелерді шешу жолдарын ұсына алады.
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру (40 минут)	<p>Топқа бөлу Оқушылар ортаға шығады. Сұрақтар жазылған текше тасталады. Сол сұрақтарға жауап берген оқушылар капитан болады. Кен орындарын картадан көрсеткен оқушылар капитандардың командасына жиналады. 1-топ. «Мұнайшылар» 2-топ. «Шахтерлер» 3-топ. «Шахтерлер»</p> <p>Текше сұрақтары: 1)Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз кен орындарын не өндіріледі? 2)Қарағанды, Екібастұз, Майкүбі кен орындарын не өндіріледі? 3)Текелі, Мырғалымсай, Ащысайдан не өндіріледі? 4)Қоңырат, Саяқ, Бозшакөлден не өндіреді? 5)Мұнай және газ өңдеу зауыттары қай қалаларда орналасқан? 6)Қорғасын және полиметалл комбинаттары қай қалаларда орналасқан? Оқушылар үйден дайындап келген жобаларын слайд бойынша қорғайды</p> <p>Жаңа сабақ 1.Әр топ өзінің минералдық ресурсына баға береді 1. Қарағанды көмір алабына баға беріңіз. Сипаттамасы Қарағанды көмір алабы Географиялық орны Ресурспен қамтамасыз етілуі Өндіру әдісі, сапасы 2. Қарашығанақ газ алабына баға беріңіз Сипаттамасы Қарағанды көмір алабы Географиялық орны Ресурспен қамтамасыз етілуі Өндіру әдісі, сапасы 3.Соколов-Сарыбай кен орнына баға беріңіз Сипаттамасы Қарағанды көмір алабы Географиялық орны Ресурспен қамтамасыз етілуі Өндіру әдісі, сапасы</p> <p>ХОУ ойыны</p> <p>Х-сұрақтары: 1)Магмалық тау жыныстарына қандай пайдалы қазбалар кіреді? 2)Радиоактивті металдарға қандай металдар бар? 3)Қазақстан қандай металдардан әлемде бірінші орын алады?</p> <p>О-сұрақтары 1)Шөгінді тау жыныстарына қандай пайдалы қазбалар кіреді? 2)Көмірсутекті шикізатқа қандай пайдалы қазбалар енеді? 3)Қазақстан қандай металдардан екінші орынды алады?</p> <p>У-сұрақтары 1)Метаморфты тау жыныстарына қандай пайдалы қазбалар кіреді? 2)Сирек металдарға не жатады? 3)Қандай пайдалы қазбалардан сегізінші орынды алады?</p> <p>Х О У 10 10 10 20 20 20 30 30 30</p> <p>3.Топтарға картамен жұмыс тапсырылады. «Мұнайшыларға» кескін картада шартты белгілер беріледі минералды ресурстардың атын жазып шығу «Шахтерлерге» кескін картада қалалардың аты жазылады не өндіретінін жазу «Металлургтерге» кескін картада өндіріс орындарының шартты белгілері беріледі кескін картаға өндіріс орындарының атын жазу</p>	Плакарттар, қосымша оқулық, атлас және кескін карта, А3 форматтағы кескін карта. АКТ